

2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі № 636 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы
Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында және
республикалық баспасөзде
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10) тармақшасына және "Республикалық референдум туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізілсін.
2. Республикалық референдумға: "Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?" деген сауал шығарылсын.
3. Осы Жарлық 2024 жылғы 3 қыркүйекте бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.
4. Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.
5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу бойынша қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев